


СӨЖ



Улы жыландар

Орындаған: Ахмедин Балсая
Амирғазин Еламан
Айдар Медет
Тексерген: Есжанов Бірлікбай

Жыландар (лат. *Serpentes*) - бауырымен жорғалаушылар класы қабыршақтылар отрядының бір тармағы.



ЖЫЛАНДАР ОТРЯД ТАРМАҒЫ

Кәдімгі
сұржылан


Дала
сұржылан
дары

Оқжылан

Қалқантұм
сық

Антарктикадан басқа жерлерге толық таралған жыландар отряд тармағында 3000-ға тарта түрі бар, олардың 400-ден астамы улы жыландар. Қазақстанда кездесетін 18 түрінің төрт түрі улы жалаңдар.

Жыландардың денесі жұмыр, ұзын (ұзындығы 8 см-ден 12 м-ге дейін жетеді). Денесін мүйізді қалқаншалар мен қабыршақтар, арқасы мен бүйірлерін ұзына бойы қатарласа орналасқан, ромбы тәрізді қабыршақтар жапқан. Бауыры көлденең жатқан ірі қалқаншалармен жабылған, олар бір-бірімен жұмсақ тері қатпарлармен жалғасқан. Ірі денелі жемтіктерді жұтқанда тері қатпарлары жазылып, құрсақ қалқаншаларының ұзына бойы созылуына мүмкіндік береді. Көздерінде қозғалмалы қабақтары болмайды, олар мөлдір қабықпен жабылған. Күндіз белсенді тіршілік ететін жыландардың көз қарашығы дөңгелек болса, ымыртта, түнде белсенді тіршілік ететіндерінде – тік бағытта орналасқан саңылау тәрізді.



Жыландар - дара жыныстылар, ұрықтануы - іштей, аналықтары жұмыртқа салады. Мамыр-маусым 1,5см терімен қапталған жұмыртқа шілденің соңында жарып шығады. Тұңғыш ұрыққабатты жануарлар.

Жұмыртқасының санының 100-ге жетуі, немесе одан көп болуы сирек кездеседі.

Жыландар Жер шарына кең тараған (тек Антарктидада ғана кездеспейді), 3 мыңға жуық түрі белгілі. Олар 12 тұқымдасқа бірігеді. Ең көбі – сарыбас жыландар, олардың 1500-дей түрі бар. Қазақстанда 5 тұқымдасқа жататын:

- соқырлар тұқымдасы (1 түрі),
- айдаһарлар тұқымдасы (2 түрі),
- сарыбас жыландартәрізділер (12 түрі),
- сұржыландар (2 түрі),
- бозша жыландардың (1 түрі) 18 түрі белгілі.

Жыландардың көпшілігі құрлықта, әдетте, қалың шөп өскен жерлерде, ағаш басында, шөлді аймақтарда, кейбір түрлері тұщы сулар мен теңіз-мұхиттарда тіршілік етеді.

Улы жыландар



Улы жыландар - бауырымен жорғалаушыларға жатады. **Жетісу** өңірінде улы жыландардың 4 түрі кездеседі. Олар — **оқ жылан**, **дала сұржыланы**, **кәдімгі сұржылан**, **кәдімгі боз жылан**. Бұл жыландардың бәрі далалы, шөл-шөлейтті жерлерді мекендейді. Оқ жылан — денесі таспадай жіңішке келген әрі тез қозғалады. Күндіз белсенді тіршілік етеді. Ұсақ **кеміргіштерге**, жануарларға уы қауіпті, ал адамға зияны жоқ. Көбінесе құмды, жусанды жерлерді мекендейді. Көктемде 7—8 жұмыртқа салып көбейеді. Қорегі — ұсақ **кесірткелер**, **жәндіктер**. Дала сұр жыланы күндіз белсенді тіршілік етеді. Негізгі қорегі — ұсақ кеміргіштер, **құстар** мен жәндіктер. Кейбіреуі — ірі қара малды шағып, шығын келтіреді. Көбіне орманды дала, өзен мен көлдер жағалауларында тіршілік етуге бейімделген. Балаларын тірі туады. Олардың саны 8—12. Ауыл шаруашылығына көп зияны жоқ. **Боз жылан** — барлық жерлерде кең таралған. Құмдауыт, тастақты жерлерді, әсіресе, Жетісу (Жоңғар) Алатауының күнгей жақтарын мекендейді. Улы жыландардың адам тіршілігіне пайдасы да мол. Олардан алынатын удан медицинада шипалы дәрі-дәрмек жасалады.

- **Оқжылан** (лат. *Psammophis lineolatus*) – кабыршақтылар отрядына жататын бауырымен жорғалаушы. Қазақстанның оңтүстігінде, көбіне құм топырақты далалы аймақтарды мекендейді.
- Денесі жіңішке, ұзындығы 120 см-дей. Басы сүйір, мойын жігі онша байқалмайды. Арқасы сұр, құм түстес не қоңырқай тартқан, екі бүйірінде ұзына бойына созылған қара жолағы бар. Кабыршағы тегіс. Өте шапшаң, оқтай атылып қозғалады, жыланның аты осы ерекшелігіне сай қойылған. Қорегін күндіз аулайды. Негізгі қорегі кесірткелер; жемтігін әуелі шағады, содан кейін денесімен қысып өлтіреді. Уы ұсақ жәндіктер үшін қауіпті болғанымен, омыртқалы ірі жануарлар мен адамдарға зияны жоқ. Маусым – шілде айларында 2–6 сопақша жұмыртқа салып, одан тамыз – қыркүйекте ұзындығы 24–26 мм-дей жас жыландар шығады. ¹¹
- Оқжылан көбінесе орманды жерлерде мекендейтін улы жыландардың бірі. Ол кесірткелер мен ұсақ жәндіктерді қорек етеді. Олар жемтігін қуғанда құмның бетімен сусып зырғып отырады, сексеуіл бұтақтарына шығады. Жемтігін шағып уымен өлтіреді, бірақ ірі жануарларға уы әсер етпейді. Оқ жылан көбіне адам қолының саусақтары мен аяқтың табанын шағады



Дала сұржыланы - Қазақстанда барлық жерде кездеседі, әсіресе далалы аймақтарында кеңінен таралған. Қуаң далаларда өзен аңғарлары мен саз және көл жағалауларын мекендейді. Жылына 7-8 ай белсенді (қысқы ұйқы - қарашадан наурызға дейін). Жазда ымырт пен түнде өте белсенді, жылдың басқа уақытында күндіз белсенді. Көптеген басқа жыландардан айырмашылығы - жұмыртқа салмайды, ұрпағы өзінің ішінде жетіледі. Аналығы алты өсімге дейін береді. Ұсақ кеміргіштер, құстар және басқа ұсақ жануарлармен, сонымен қатар жәндіктермен де қоректенеді. Жемтігін уы арқылы өлтіреді. Сұржыланның уы жыртқыштар мен ірі жануарлардан қорғану қызметін атқарады. Өте кең таралған, мал шаруашылығына зиянын тигізеді. Әсіресе ірі қара малдар мен жылқыларды, көбіне ернінен шағады. У миға және басқа да маңызды орталықтарға тез жетеді. Сұржыланның шаққан уы - адам өмірі үшін де қауіпті, дегенмен өлім қатері аз. Сұржыланның шағуынан сақтану үшін - басып кетпеу немесе басқадай жолмен мазаламау керек. Егер шақса, жарадан тезірек уды алып тастап, дәрігерге көріне қажет. Сұржылан уы медицинада вакцина жасау үшін қолданылады.

● **Кәдімгі қалқантұмсық жылан** (лат. *Gloydius halys*)

– **қабыршақтылар** отряды **шұңқырбасты жыландар** тұқымдасына жататын жылан, өте улы сылдырмақты жыландардың өкілі. Қазақстанның оңтүстігінде жазық жерде, **таулы** (**теңіз** деңгейінен биіктігі 3000 м-ге дейін) аймақтарда мекендейді. Бұл тау орманында, көбінесе жусанды, бидайық өскен алқапта, ши арасында, тоғайда және бұталы өсімдіктер өсетін жерлерде, жартастардың арасында, шабындықтарда мекендейді.


● Сарғыш сұр түсті денесінде көлденең күңгірт жолақтар, не алқызыл теңбілдер болады. Дене тұрқы 50 – 60 см, ең ірілері 75 – 80 см, басы жұмыртқа тәрізді және мойнынан айқын ажырап тұрады; жотасы сары не сұр, көмкерілген қара дақтары болады, тұмсығында күңгірт төрт бұрышты дағы бар. Желкесінде аттың тағасы тәрізді қара дағы бар. **Дала сұржыланынан** негізгі айырмашылығы – танау тесігі мен көзі арасында шұңқыры болады. **Қазан** – **қараша** айында ұйқыға кетіп, **наурыз** – **мамырда** оянады. Жыныстық жағынан 3 жылда жетіледі. Аналығы шілде айында ұзындығы 16 – 19 см-дей 3 – 12 (көбінесе 6 – 8) баласын жұмыртқалай тірі туады. Бір маусымда 3 рет түлейді. Негізгі қорегі – ұсақ **кемірушілер**, **кесірткелер**, ұсақ **құстар**, **жәндіктер**. Жемін кешқұрым, түнде, оңтүстік аудандарда күндіз де аулайды.

● Қалқантұмсық жылан – өте улы, оның уы адамға, малға (әсіресе жылқыға) қауіпті. Уы дәрі жасау үшін медицинада пайдаланылады.





Жыланның шағуы. Жыланның шағуының әкелер зардабы да өте ауыр. Сондықтан жылан мекендейтін жерлерге барардың алдында ең алдымен жабық аяқ киімді, ең жақсысы етіккі киген жөн. Жыланның шағуынан зардап шегуші жағдайының ауырлығы оның түріне байланысты. Қазақстанда сұр жылан, оқ жылан, сарыбас жылан кездеседі.



Алғашқы көмек. Шаққан жердің уын ауызбен жедел сорып тастау керек. Мұны зардап шегушінің өзі немесе оның серіктерінің бірі жасай алады. Ауыз қуысында жара болмау керек, өйткені у солар арқылы қанға түсуі мүмкін. Егер уды өз уақытында сорып тастаса, зардап шегушінің улану деңгейі әлсіреп, жылдам сауыға бастайды.




Рис. 64. Схема строения ядовитого аппарата змей (внизу поперечный срез зуба):

А — ужеобразные; *Б* — аспиды; *В* — гадюковые: 1 — ядовитая железа; 2 — проток железы; 3 — ядовитые зубы; 4 — дренажная полость ядовитого зуба; 5 — бороздка для стока яда; 6 — канал ядовитого зуба

Жылан шаққан кезде көрсетілетін алғашқы көмек:

- кешіктірмей ауызбен улы сорып тастау
- егер аузында жара жоқ болса, бұл әрекет 10-15 минут бойы жүргізіледі.
- зардап шегушіні тыныштандырып, жатқызып қою.
- қолды шаққан кезде бүгіп, байлап қою.
- аяқты шаққан кезде оны екінші аяғына бинтпен таңып тастау.
- зардап шегушіге сусынды көп ішкізу (шай, минерал немесе жай су).
- ауруды басатын кез-келген дәрілердің 1-2 таблеткасын ішкізу.
- зардап шегушіні жатқан бойында емдеу мекемесіне жеткізу.